



## МЭРЛЕРДІҢ УАҒДАЛАСТЫҒЫ

Жергілікті тұрақты энергетикалық дамудың жолын ұстаушылары

[www.soglasheniemerov.eu](http://www.soglasheniemerov.eu)

# Қазақстан

## Ел туралы

Астанасы: Астана

Халық саны: 15 450 млн.

Тілі: қазақ (мемл-к тіл), орыс (ресми тіл)

ЖІӨ (сақп) жалпы/адам: \$214 840  
трил./\$13 060

ЖІӨ (номиналды) жалпы/адам: \$180 147  
трил./\$10 951

Валюта: қазақ теңгесі (KZT)

Қайнар көз: ХВҚ (шамамен 2011 жыл)

## Қазақстанның энергия стратегиясы

2009 жылы Қазақстанның Парламенті жаңартылатын энергия көздері туралы заңға соңғы түзетулерді өткізді. Тұрақты дамудың ұлттық бағдарламасы 2024 жылға қарай Қазақстанның энергия балансында қайта жаңартылатын энергия көздерін 5 пайызға арттыруды көздейді. Жел қуаты мұнда әсіресе маңызды рөлді ойнайды: Қазақстанның бірқатар аймағында орташа жыл сайынғы жел жылдамдығы 5 метр/секундтан асады. Бұл халықаралық стандарттар бойынша айтарлықтай жоғары. Эксперттік бағалаулар Қазақстанның жел қуаты потенциалы 1,8 биллион киловатт сағат (кВт/сағ)/жыл көрсеткішінен асатынын көрсетеді. Қазіргі уақытқа дейін, қуат нарығында қайта жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға қатысты тиісті заң және ереже жиындарының болмауы оларды пайдалануға негізгі кедергі етін. Жаңа заң мемлекетке қайта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану туралы мемлекеттік жоспарға сай қайта жаңартылатын энергия көздерін кеңейтуді туралауға және жерді сақтап қою, электр тасымалдау компанияларына қайта жаңартылатын энергия көздерін желіге қосуға рұқсат ету және рұқсат етілген мемлекеттік органдар уақытша қабылдаған техникалық-экономикалық негіздемелердегі бағаларғамен тасымалдау жоғалтуларын қамту үшін ұзақ мерзімді келісім-шарттарды жасасу арқылы қайта жаңартылатын энергияны өндіруге жеке инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Қайнар көз: [www.reeep.nl](http://www.reeep.nl)

## Келісім-шартқа қол қойғандар: 0

Қазақстанда әлі келісім-шартқа қол қойғандар жоқ

## Қолдау көрсетілетін технологиялар:

Энергия тиімділігі: аудандық жылыту; суборталық жылыту жүйесін жөндеу; термостатикалық клапандарды орнату; терезелер мен есіктерді изоляциялау; қазандықтарды жөндеу; көше шамдарын басқару; сыртқы қабырғаларды изоляциялау; энергия есептегіштерін орнату; электр қазандықтар; ыстық су және орталық жылыту қазандықтары; және ішкі су жүргізу құбырларын жөндеу; өндірістік зауыттарды және энергиямен қамтамасыз ету ұйымдарын жетілдіру. Қайта жаңартылатын энергия: табиғи газды тарату; био отындар; био/органикалық қоқыстардан жасалған газ; геотермалдық; гидроэлектр; күн энергиясы; қатты биомасса; жел энергиясы. Тасымалдау: қалалық қоғамдық көлік; тұрақты тасымалдау. Тазартқыштарды өндіру: қоқыс суды жинау және өңдеу; қатты қоқысты басқару; қатты қоқысты жинау және өңдеу; қоқыс суды тазалау; отынды ауыстыру; қоқысты энергияға айналдыру.

## Қазақстан мен ұлттық қорлардағы ықтимал қаржылық мекемелердің жиынтығы

1. Еуропалық реконструкция және даму банкі (EBRD)
2. Еуропалық инвестиция банкі (EIB)
3. Ғаламдық экологиялық қор (GEF) (соның ішінде, EBRD, UNDP, UNEP, UNIDO, IBRD)
4. Еуразиялық даму банкі (EDB)
5. Азиялық даму банкі (ADB)
6. Дүниежүзілік банк - IFC субұлттық қаржыландыру
7. АҚШ халықаралық даму агенттігі (USAID)
8. Дүниежүзілік банк
9. Пайдалы сілтемелер

# 1. Еуропалық реконструкция және даму банкі (EBRD)

## Донор сипаттамасы

EBRD — Орталық Еуропадан Орталық Азияға дейін 29 елдегі жобаларды қолдайтын халықаралық қаржылық мекеме және осы аймақтағы ең үлкен жалғыз инвестор. EBRD қамтамасыз ете алатын тікелей қаржыландырудың негізгі түрлері — несиелер, капитал және кепілдіктер. Шығыс көршілес елдердегі EBRD операциялары Еуропалық инвестиция банкімен (EIB) және Еуропалық комиссиямен тығыз бірлесе отырып жүзеге асырылады.

## Жарамды секторлар

Ауылшаруашылық бизнес; энергия тиімділігі; қалалық және қоршаған орта инфрақұрылымы; табиғи ресурстар; қуат және энергия. Қаржыландыру үшін мемлекеттік сектор да, жеке сектор да жарайды.

## Technologies supported

Сумен жабдықтау, қоқыс суды жинау және өңдеу; қатты қоқысты басқару; аудандық жылыту; табиғи газды тарату; қалалық қоғамдық көлік; био отындар; био/органикалық қоқыстардан жасалған газ; геотермалдық; гидроэлектр; күн энергиясы; қатты биомасса; қоқысты энергияға айналдыру; жел энергиясы; аудандық жылыту

## Қаржыландыру туралы ақпарат

<b>Ең аз несие көлемі</b>	5 миллион еуро, дегенмен бұл кейбір жағдайларда азырақ бола алады
<b>Ең көп несие көлемі</b>	250 миллион еуро
<b>Ең көп акция пайызы</b>	жалпы капиталдан жеке сектор жобалары үшін 35%, мемлекеттік сектор жобалары үшін 70%
<b>Пайыздық мөлшерлеме</b>	EURIBOR сияқты ағымдағы нарық мөлшерлемелеріне негізделеді. Ел қаупін және жобаға тән қауіптерді көрсету үшін негізгі мөлшерлемеге маржа қосылады.
<b>Өтеу кезеңі</b>	15 жылға дейін
<b>Несиені қайтару</b>	Әдетте бірдей, жарты жылдық төлемдер түрінде.

EBRD жобаға ие компаниялардан әдетте сақтандырылатын қауіптер үшін сақтандыруды алуды талап етеді. Банк саяси қауіпті немесе жергілікті валютаның конвертацияланбауын сақтандыруды талап етпейді. EBRD әдетте өзі қаржыландыратын компаниялардан несиеге жоба активтерімен кепілдік беруді талап етеді (мысалы, жылжымайтын немесе жылжитын мүлікке ипотекалар).

## Сұраным беру үшін қажет ақпарат

Жобаның жарамдылығын бағалау үшін EBRD келесі ақпаратты қажет етеді: 1. Банк қаржыландыруы қалай пайдаланылатынын сипаттайтын жобаның қысқаша сипаттамасы; 2. Спонсордың қысқаша сипаттамасы; 3. өнім туралы мәліметтер; 4. нарық сараптамасы; 5. шығындарды дәл бөлу; 6. қосымша көздерді анықтау; 7. жобаның болжалды қаржылық көрсеткіштеріне шолу; 8. барлық қоршаған орта мәселелерінің жиынтығы; 9; қажет үкімет лицензиялары немесе рұқсаттары, қол жетімді субсидиялар және импорттау/экспорттау шектеулері туралы мәліметтер.

Егжей-тегжейлі сипаттаманы алу үшін мына бетке өтіңіз: <http://www.ebrd.com/pages/workingwithus/projects/apply.shtml>

## Жоба мысалы

EBRD «Жылыту, су желілері және қоқыс су» («Компания») мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына, Ақтау қаласындағы су және аудандық жылыту компаниясына Ақтаудағы аудандық жылытуды тарату желісін қалпына келтіру және жаңартуды қолдау үшін 5,7 миллион еуро қамтамасыз етуді қарастырып отыр. Жобаның мақсаты — энергия және су жоғалтуларын азайты, қамтамасыз етілетін жылыту және ыстық су қызметтерінің сенімділігі мен сапасын арттыру, техникалық қызмет көрсету және пайдалану шығындарын, сонымен бірге, жергілікті және ғаламдық деңгейде қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін Компания басқаратын аудандық жылыту желілерінің ескірген бөліктерін алдын ала изоляцияланған, заманауи технологиямен жасалған құбырлармен ауыстыру.

## Сұраным беру процедурасы

Егер EBRD қаржысын алғыңыз келсе, мына беттегі желілік пішінді толтырыңыз: <http://www.ebrd.com/pages/workingwithus/projects/apply/form.shtml>

## Байланысу ақпараты

**Байланысатын адам:** Терри МакКаллион («Энергия тиімділігі және климаттың өзгеруі» бөлімінің директоры)

**Тел:** +44 20 7338 7478

**Факс:** +44 20 7338 6942

**Веб-сайт:** [www.ebrd.com](http://www.ebrd.com)

## 2. Еуропалық инвестиция банкі (EIB)

### Донор сипаттамасы

Еуропалық инвестиция банкі (EIB) — Еуропалық Одақтың қаржыландыру мекемесі. Оның акция ұстаушылары — Еуропалық Одақтың 27 мүше елдері. Қазақстан 2010 жылдан бері қаржыландыруға жарамды. Шығыс көршілес елдердегі EIB операциялары Еуропалық реконструкция және даму банкімен (EBRD) және Еуропалық комиссиямен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

### Жарамды секторлар

Секторлардың көпшілігі қаржыландыру үшін жарамды. Мемлекеттік сектор жобалары да, жеке сектор жобалары да қолдау алуға жарамды.

### Технологиялар

Энергия тиімділігі (мысалы, аудандық жылыту, энергиямен қамтамасыз ету ұйымдарын жаңарту); қайта жаңартылатын энергия (мысалы, күн энергиясы; жел энергиясы; биомасса); сумен жабдықтау және канализация қоқыс суын жинау және өңдеу; қатты қоқысты жинау және өңдеу; өндірістік ластанумен күресу қондырғылары; қалалық қоғамдық көлік.

### Қаржыландыру туралы ақпарат

<b>Ең аз несиелі көлемі</b>	Көрсетілмеген
<b>Ең көп несиелі көлемі</b>	Көрсетілмеген
<b>Ең көп акция пайызы</b>	Жоба құнының 50%-на дейін
<b>Пайыздық мөлшерлеме</b>	EIB мөлшерлемесі айнымалы несиелері әдетте әр алу уақытындағы несиенің толық мерзімі үшін бекітілетін LIBOR көрсеткішінен төмен спредпен қол жетімді.
<b>Өтеу кезеңі</b>	Жоба түріне байланысты 25 жылға дейін
<b>Несиені қайтару</b>	Қайтару әдетте жарты жылдық немесе жылдық негізде болады

EIB тікелей несиелерді немесе қаржылық делдалдар (банктер) арқылы ғаламдық несиелерді береді. EIB Қазақстанда Шығыстағы серіктестер бөлімі арқылы жұмыс істейді. Банк ұйымдастырушының жеке техникалық-экономикалық негіздемесін қарап шығып, жобаның белгілі бір аспектітерін алдын ала бағалайды, соның ішінде, мыналарды: 1. техникалық; 2. қоршаған орта; 3. экономикалық; 4. қаржылық; 5. заңдық.

## Жоба мысалы

Қазақстан тек 2010 жылдан бастап қаржыландыру үшін жарамды болғандықтан, қазіргі уақытқа дейін ешбір жобалар жүзеге асырылмаған.

## Сұраным беру критерийлері

Жоба ұйымдастырушыларынан жай Банктің операциялық басқармасына капитал инвестициясының және күтілетін қаржылық келісімдердің егжей-тегжейлі сипаттамасы талап етіледі.

Егжей-тегжейлі сипаттаманы алу үшін мына бетке өтіңіз: [http://www.eib.org/attachments/application\\_documents\\_en.pdf](http://www.eib.org/attachments/application_documents_en.pdf)

## Сұраным беру процедурасы

25 миллион еуродан асатын жобалар үшін жекелеген несиелерді тікелей EIB банкінен сұрауға болады. Ұқтимал жобалардың ауқымы кең және әр түрлі болғандықтан, стандартталған құжаттама талабы жоқ. EIB банкіне жіберілетін құжаттардың орналасуы мен мазмұны жоба ұйымдастырушысының міндеті болып табылады. Сұраным беру туралы қосымша мәліметтерді алу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз (байланысу ақпаратын қараңыз)

## Байланысу ақпараты

**EIB ақпарат беру орталығы**

**Тел: (+352) 437922000**

**Факс: (+352) 437962000**

**Электрондық пошта: [info@eib.org](mailto:info@eib.org)**

**Веб-сайт: [www.eib.org](http://www.eib.org)**

## 3. Ғаламдық экологиялық қор (GEF)

### Донор сипаттамасы

Ғаламдық экологиялық қор (GEF) ғаламдық қоршаған орта мәселелерін шешу үшін 182 мүше үкіметті және халықаралық мекемелерді біріктіреді. Бүгінгі күні GEF — ғаламдық қоршаған ортаны жақсарту жобаларының ең үлкен инвесторы. GEF серіктестігі 10 агенттіктен тұрады, соның ішінде, EBRD, UNDP, UNEP, UNIDO, ADB және дүниежүзілік банк.

### Жарамды жоба түрлері

Жоба концепцияларын үкіметтер, бірлестіктер, жеке сектор немесе басқа азаматтық қоғам ұйымдары жасай алады. Қаржыландыру үшін іс-әрекеттердің келесі түрлері жарамды: биодиверсификация; климаттың өзгеруі (азайту және бейімделу); химикаттар; халықаралық сулар; топырақтың деградациясы; және тұрақты орманды басқару.

### Жарамды технологиялар

Қайта жаңартылатын энергия аумақтарында парниктік газ эмиссиясын азайтатын немесе болдырмайтын; энергия тиімділігі; тұрақты тасымалдау; және жерді пайдалануды басқару, жерді пайдаланудың өзгеруі және орман шаруашылығы.

## Қаржыландыру туралы ақпарат

GEF бірнеше мыңнан бірнеше миллион долларға дейінгі ауқымдағы әр түрлі жобалар үшін гранттарды береді.

<b>Ең аз несиелі көлемі</b>	Белгілі бір минимум жоқ
<b>Ең көп несиелі көлемі</b>	Белгілі бір максимум жоқ, қазіргі уақытқа дейін GEF Қазақстандағы жобаға жұмсаған ең үлкен грант сомасы 7 миллион долларды құрайды. Қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстандағы ең үлкен қаржыландыру сомасы, соның ішінде, қоса қаржыландыру; 38 миллион долларды құрайды.
<b>Ең көп акция пайызы</b>	Көрсетілмеген
<b>Пайыздық мөлшерлеме</b>	Көрсетілмеген
<b>Өтеу кезеңі</b>	Көрсетілмеген

## Сұраным беру критерийлері

Есепке алынуы үшін жоба ұсынысы келесі критерийлерге сай болуы керек: 1. GEF көздейтін аумақтардың біреуіне немесе бірнешеуіне бағытталған болуы керек, ғаламдық қоршаған ортаны жақсарту; 2. ол GEF операциялық стратегиясымен үйлесімді; 3. ол ғаламдық қоршаған орта пайдасына жету шаралары үшін келісілген қосымша шығындар үшін ғана GEF қаржыландыруын сұрайды; 4. жобаны жасауға және жүзеге асыруға мемлекет қатысады; 5. оған жүзеге асырылатын елде(рде)гі үкімет(тер) қолдау көрсетеді. Қаржыландыру туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін Қазақстандағы кеңсеге хабарласыңыз (байланысу ақпаратын қараңыз).

## Жоба мысалы

Қазіргі уақытқа дейін Қазақстанда GEF арқылы климаттың өзгеруі және биодиверсификация жобаларының көп саны жүзеге асырылды. Жақында, GEF Қазақстанда жаңа тұрмыстық ғимараттардың энергия тиімділігін арттыратын 34 миллиондық жобаны бірігіп қаржыландырды, осылайша, парниктік газ эмиссиясын азайтты.

## Сұраным беру процедурасы

Жоба ұсынысының нобайын жасау алдында сұраным беруші елдегі операциялық кеңсеге (байланысу ақпаратын қараңыз) хабарласуы және ұсыныстың жоғарыда аталған критерийлерге сай екенін тексеруі керек. Егер жоба жарамды болса, ұсыныс беруші GEF агенттігімен тығыз үйлестіре отырып және ішкі жоба циклы процедураларын орындай отырып жобаның идентификациялық пішінін (PIF) жасауы керек. GEF ұймына ресурстарды қаржыландыру және пайдалану үшін PIF ұсыныстарын жіберудің басымдылықтарын анықтау ел деңгейінде басқарылады — түпкілікті GEF операциялық кеңсесімен. Жобалар әдетте бірінші-келу, бірінші-өңдеу негізінде өңделеді.

PIF құжатын мына бетте табуға болады: <http://www.thegef.org/gef/guidelines>

## GEF Қазақстандағы кеңсесі

**Байланысатын адам: Нұрғали Әшім мырза**

**Тел: + 8 7172 74 00 75**

**Факс: + 8 7172 74 08 55, + 8 7172 74 00 75**

**Электрондық пошта: [a\\_bragin@eco.gov.kz](mailto:a_bragin@eco.gov.kz), [kulzhanov@eco.gov.kz](mailto:kulzhanov@eco.gov.kz), [alieva@eco.gov.kz](mailto:alieva@eco.gov.kz)**

**Веб-сайт: [www.thegef.org](http://www.thegef.org)**

## 4. Еуразиялық даму банкі (EDB)

### Донор сипаттамасы

Еуразиялық даму банкі (EDB) — еуразиялық аймақта экономикалық даму мен интеграцияны қолдау үшін құрылған халықаралық қаржыландыру мекемесі. Банкті 2006 жылы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы құрған.

### Жарамды секторлар

Тасымалдау, энергия, қалалық коммуналдық шаруашылықтар; энергия тиімділігі, табиғи ресурстар, қоршаған ортаны қорғау және қоршаған орта жағдайын жақсарту.

### Жарамды технологиялар

Энергия тиімділігіне, табиғи ресурстарға, энергетикалық секторды энергияға тиімді жетілдіруге қатысты технологиялар

### Қаржыландыру туралы ақпарат

<b>Ең аз несие көлемі</b>	30 миллион доллар
<b>Ең көп несие көлемі</b>	150 миллион доллар
<b>Ең көп акция пайызы</b>	80%
<b>Пайыздық мөлшерлеме</b>	Жобаға байланысты
<b>Өтеу кезеңі</b>	Ең көбі 15 жыл

Барлық жоба транзакциялары қол қойылған агенттік келісім-шарттың негізінде таңдалған агент банк арқылы жүзеге асырылады.

### Сұраным беру үшін қажет ақпарат

Жалпы, бұл шарттар жобаларды сараптау және қаржыландыру барысында стандартты таңдау критерийлері деп есептеледі. 1. Банк жүзеге асыратын жобалар оның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сай болуы керек; 2. Банк нарықтан қолайлы шарттармен қаржыландыру алу мүмкін болмаса, инвестициялық жобаларды қаржыландырады; 3. жобалар халықаралық банк тәжірибесінің негізгі принциптеріне сай қаржыландырылады.

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін келесі веб-сайтқа кіріңіз:

<http://www.eabr.org/eng/activities/investment/credit-politics/>

### Жобалардың мысалы

Қазіргі уақытқа дейін EDB Қазақстанда тиісті жобаларды жүзеге асырған жоқ.

### Сұраным беру процедурасы

Банк клиент шоттарын өзі ашпайды және есеп айырысу және қолма-қол ақша қызметтерін қамтамасыз етуге қатыспайды. Сондықтан, барлық жоба транзакциялары қол қойылған агенттік келісім-шарттың негізінде таңдалған агент банк арқылы жүзеге асырылады. Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін Алматы кеңсесіне хабарласыңыз.

### EDB Алматыдағы кеңсесінің байланысу ақпараты

**EDB Алматы кеңсесі**

**Тел.: +7 (727) 244 40 44**

**Факс: +7 (727) 244 65 70**

**Электрондық пошта: [info@eabr.org](mailto:info@eabr.org)**

**Веб-сайт: [www.eabr.org](http://www.eabr.org)**



## 5. Азиялық даму банкі (ADB)

### Донор сипаттамасы

Азиялық даму банкі (ADB) кедейлікті азайту мақсатында Азия және Тынық мұхит аймағында дамуды қаржыландырады. ADB банкінің бірнеше негізгі операциялар аймағы бар, соның ішінде, климаттың өзгеруі сияқты қоршаған орта мәселелері.

### Жарамды секторлар

Мыналарға инфрақұрылым инвестициялары: таза, тиімді және климатқа зияны жоқ энергия жүйелері; тиімді және тұрақты тасымалдау режимдері; сенімді және арзан су және су құбырлары мен канализацияға қол жеткізуді арттыру; және климатқа зиянсыз және өмір сүруге болатын қалалар. Банк мемлекеттік, қалалық мекемелерді қолдайды.

### Жарамды технологиялар

Көрсетілмеген

### Қаржыландыру туралы ақпарат

<b>Ең аз несие көлемі</b>	Көрсетілмеген
<b>Ең көп несие көлемі</b>	Көрсетілмеген, 100 миллионнан аса
<b>Ең көп акция пайызы</b>	25%
<b>Пайыздық мөлшерлеме</b>	Нарыққа байланысты
<b>Өтеу кезеңі</b>	Көрсетілмеген

Банк несие мен қаржыландыру түріне сәйкес қауіпсіздікті талап етеді.

### Сұраным беру үшін қажет ақпарат

ADB көмегі үшін сұраным берудің стандартты пішіні жоқ. Бірақ, ADB жобаны бағалау үшін біраз негізгі ақпаратты қажет етеді, соның ішінде: 1. Түйін; 2. Жобаның сипаттамасы; 3. Қажет болса, беделі жақсы консультант немесе консалтинг фирмасы дайындаған, жобаның техникалық, қаржылық, экономикалық, қоршаған орта және әлеуметтік тұрғыдан жүзеге асушылығын анықтайтын техникалық-экономикалық негіздеме; 4. Спонсор(лар) туралы мәліметтер; 5. Жоба иелігінің құрылымы; 6. Жобаны жүзеге асыру келісім-шарттары; 7. Жобаның орны; 8. Нарық; 9. Қоршаған орта және әлеуметтік аспектілер; 10. Болжалды шығындар; 11. Қаржыландыру жоспары; 12. Қаржыландыру үлгісі; 13. Қауіптерді талдау; 14. Рұқсаттар мен лицензиялар. Егжей-тегжейлі сипаттаманы алу үшін келесі сілтеме арқылы ADB веб-сайтына кіріңіз: <http://beta.adb.org/site/private-sector-financing/applying-assistance>

### Жоба мысалы

Қазіргі уақытта ADB Қазақстанда әлі тиісті жобаларды жүзеге асырмаған.

### Сұраным беру процедурасы

Егжей-тегжейлі ақпаратты алу үшін ADB ұйымына веб-сайттағы байланысу пішіні арқылы байланысыңыз.

### Байланысу ақпараты

#### Алматы кеңсесі

Тел: +7 727 3300 950/951/952

Факс: +7 727 3300 954

Веб-сайт: [www.adb.org](http://www.adb.org)

#### Астана кеңсесі

Тел: +7 717 2325 053 / 325054

Факс: +7 717 2328 343

Веб-сайт: [www.adb.org](http://www.adb.org)



## 6. Дүниежүзілік банк – IFC субұлттық қаржыландыру

### Донор сипаттамасы

Субұлттық қаржыландыру — Дүниежүзілік банк пен Халықаралық қаржыландыру корпорациясының (IFC) біріккен бастамасы. Ол мемлекеттерге, провинцияларға, муниципалитеттерге және олардың кәсіпорындарына қаржыландыру мен капитал нарықтарына мемлекеттік кепілдіктерсіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

### Жарамды секторлар

Энергия тиімділігі; қуат; газды тарату; аудандық жылыту; суды және қоқыс суды басқару; тасымалдау; қатты қоқыс; басқа маңызды қоғамдық қызметтер. Қаржыландыру үшін муниципалдық, провинциялық, аймақтық немесе жергілікті үкіметтер және олардың ұйымдары жарамды.

### Жарамды технологиялар

Көрсетілмеген

### Қаржыландыру туралы ақпарат

Ең аз несие көлемі	Көрсетілмеген
Ең көп несие көлемі	Көрсетілмеген
Ең көп акция пайызы	Көрсетілмеген
Пайыздық мөлшерлеме	Көрсетілмеген
Өтеу кезеңі	Көрсетілмеген

Субұлттық қаржыландыру бөлімі жеке көрсеткіштер үлгісіне берілетін критерийлер жиынына сай қауіптерді бағалайды. Олар мыналарды қамтиды: 1. қаржылық (қарызға мемлекеттік кепілдіксіз қызмет көрсету үшін ақша ағындарын болжау мүмкіндігі, қарызды өтеу қабілеті); 2. әлеуметтік-экономикалық (берік экономикалық негіз); 3; мекемелік (операциялық тиімділік); 4. нормативтік (нарықтың күрделенуі, орталықсыздандыру дәрежесі); 5. Даму әсері: (негізінен, инвестицияның, күшті экономикалық және кедейлікті азайту артықшылықтарының)

### Сұраным беру үшін қажет ақпарат

Қаржыландыру үшін сұрау жібергенде, жоба туралы келесі негізгі ақпаратты қосыңыз: 1. қатысатын ұымның атауы мен орны; 2. ұйымның мемлекеттік кепілдіксіз коммерциялық шарттармен қарызға ақша алуға рұқсаты бар екенін растау; 3. қорларды/инвестицияларды ұсынылған пайдаланудың сипаттамасы; 4. инвестициялардың жалпы құны; 5. сұралған қаржыландыру сомасы; 6. жобаның болжалды басталу және аяқталу уақыты; 7. қаржылық мекемелер немесе құрылыс фирмалары сияқты қатысып жатқан барлық басқа тараптардың атаулары

### Сұраным беру процедурасы

Субұлттық жобаны қаржыландыру қызықтырса, сұрауларды электрондық пошта немесе факс арқылы жіберуге болады. Электрондық хаттың тақырып жолында немесе факстың жоғарғы жағында «Қаржыландыруды сұрау» сөздерін жазыңыз және байланысу ақпаратын көрсетіңіз.

### Байланысу ақпараты

Факс: (202) 974-4310

Электрондық пошта: [subnationalfinance@ifc.org](mailto:subnationalfinance@ifc.org)

Веб-сайт: <http://www.ifc.org/subnationalfinance>



## 7. АҚШ халықаралық даму агенттігі (USAID)

### Донор сипаттамасы

АҚШ халықаралық даму агенттігі (USAID) — Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясат мақсаттарын қолдау мақсатында дүние жүзінде экономикалық, даму және гуманитарлық көмекті қамтамасыз ететін тәуелсіз агенттік.

### Eligible sectors

Бенефициарлар — муниципалитеттер мен үкіметтік емес ұйымдар

### Жарамды технологиялар

Мыналарға қатысты технологиялар: энергия тиімділігі, көмірқышқыл газын азайту, қалалық жылыту

### Қаржыландыру туралы ақпарат

USAID енді USAID веб-сайтында келісім-шарт мүмкіндіктері туралы сұрауларды жарияламайды. Оның орнына, бұл ескертулер «[www.grants.gov](http://www.grants.gov)» сайтында болады. Grants.gov веб-сайтына кіріп, электрондық пошта хабарландыруларына тіркеліңіз.

### Жоба мысалы

Қазіргі уақытқа дейін USAID Қазақстанда ешбір тиісті жобаларды жүзеге асырмады.

### Сұраным беру процедурасы

USAID қаржыландыруы үшін сұраным беру үшін бар хабарландыруларды қарап шығыңыз. Оларды [www.grants.gov](http://www.grants.gov) сайтында табуға болады

### Байланысу ақпараты USAID/Қазақстан

**Эрин Е. МакКи**

**Аймақтық миссия директоры**

**USAID/Орталық Азия республикалары**

**Тел: 7-727-250-76-12**

**Бенджамин Чапман**

**Астанадағы USAID байланыс қызметкері**

**АҚШ елшілігі**

**Тел: 7-7172-70-21-00**

**Қазақ веб-сайты: <http://centralasia.usaid.gov/kazakhstan>**

**Ғаламдық веб-сайт: [www.usaid.gov](http://www.usaid.gov)**

**USAID гранттары туралы хабарландыруларды [www.grants.gov](http://www.grants.gov) сайтында табуға болады**

## 8. Дүниежүзілік банк

### Донор сипаттамасы

Дүниежүзілік банк — дүние жүзіндегі дамушы елдерге қаржылық және техникалық көмек берудің маңызды көзі. Бұл Банк 187 мүше ел иелік ететін екі даму мекемесінен тұрады: Халықаралық реконструкция және даму банкі (IBRD) және Халықаралық даму ассоциациясы (IDA). IBRD мақсаты — табысы орташа және несиесін ақтай алатын кедейірек елдерде кедейлікті азайту, IDA ең кедей елдерді көздейді.

### Жарамды секторлар

Қолдау үшін барлық дерлік секторлар жарамды

### Қаржыландыру туралы ақпарат

Халықаралық реконструкция және даму банкі (IBRD) және Халықаралық даму ассоциациясы (IDA) инвестициялық жобалар үшін орташа жылдық несие беру міндеттемелерін қамтамасыз етеді. Алушы елдер бұл қорларды тауарлар мен жабдықты сатып алу, азаматтық ғимараттарды салу және осы жобаларды жүзеге асыру үшін қажет консультация қызметтерін алу үшін пайдаланады. Әр жобада дүние жүзіндегі жабдықтаушылар, мердігерлер және консультанттар үшін бірнеше бөлек келісім-шарттар және іскери мүмкіндіктер болуы мүмкін. Дүниежүзілік банк қаржыландыратын жобаларда іскери мүмкіндіктерді көздегенде, алушы елдегі жүзеге асыру агенттігі жабдықтауға жауапты екенін түсіну маңызды. Барлық келісім-шарттар несие алушы (әдетте, жүзеге асыру агенттігі болып табылатын үкімет бөлімі) және жабдықтаушы, мердігер немесе консультант арасында жасалады. Банктің рөлі — несие алушының жұмысы тиісті түрде орындалғанын, келісілген жабдықтау процедураларының сақталуын және бүкіл процесс тиімді, әділ, транспарентті түрде және бейтарап өткізілуін тексеру.

### Жоба мысалы

Қазіргі уақытқа дейін Дүниежүзілік банк Қазақстанда тиісті жобаларды жүзеге асырмаған.

### Сұраным беру процедурасы

Қосымша ақпарат алу үшін жергілікті кеңсеге хабарласыңыз

### Байланысу ақпараты

**Астана қаласындағы Дүниежүзілік банк кеңсесі**

**Тел: (7 7172) 580-555**

**Факс: (7 7172) 580-342**

**Шынар Жетпісова ханым**

**Электрондық пошта: [sjetpissova@worldbank.org](mailto:sjetpissova@worldbank.org)**

## 9. Пайдалы сілтемелер мен ұлттық қорлар

### 1. INOGATE

INOGATE бағдарламасы — Еуропалық Одақ пен серіктес елдер, соның ішінде, Қазақстан арасындағы халықаралық энергия кооперациясы бағдарламасы. Олар келесі төрт негізгі мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істеуге келісті: 1. Қатысушы елдердің ерекшеліктерін есепке ала отырып, ЕО ішкі энергия нарығының принциптерінің негізінде энергия нарықтарын біріктіру; 2. Энергияны экспорттау/импорттау, жабдықтау диверсификациясы, энергияны тасымалдау және энергия сұранысы мәселелерін шешу арқылы энергия қауіпсіздігін жақсарту; 3. Тұрақты энергия дамуын қолдау, соның ішінде, энергия тиімділігін, қайта жаңартылатын энергияны және сұраныс жағын басқару; 4. Жалпы және аймақтық мүдде бар энергия жобаларына инвестицияны тарту.

Веб-сайт: [www.inogate.org](http://www.inogate.org)

### 2. ENPI

Еуропаға көршілес елдер мен серіктестік құралы (ENPI) — нақты көмек әрекеттері арқылы ENP (Еуропалық көршілестік саясаты) қолдайтын қаржылық құрал. ENP — үлкейген ЕО мен оның тікелей көршілерінің арасында кез келген бөлетін сызықтарды болдырмау үшін Еуропаға көршілер елдердің өркендеуін, тұрақтылығын және қауіпсіздігін мақсат тұтатын кең саяси стратегия.

Веб-сайт: [http://ec.europa.eu/world/enp/index\\_en.htm](http://ec.europa.eu/world/enp/index_en.htm)

### 3. GTZ - GIZ

GTZ - GIZ, Германия федералдық үкіметінің және басқа клиенттердің атынан әрекет, серіктес елдерді климаттың өзгеруі туралы шеңберлік конвенция жүзеге асыруда қолдайды. Оның мақсаты — парниктік газдар эмиссиясын азайты және климат өзгеруінің салдарларына бейімделу. Бұған қоса, GTZ серіктес елдердегі тәжірибе жүзіндегі шаралардың кең ауқымы арқылы климат саясатының нұсқауларын жүзеге асырады.

Веб-сайт: [www.giz.de](http://www.giz.de)

### 4. REEEP

Жаңартылатын энергия және энергия тиімділігі серіктестігі (REEEP) — коммерциялық емес, арнайы өзгерту агенті. Оның мақсаты — қайта жаңартылатын энергия және энергия тиімділігін ынталандыру. Ол негізінен дамушы нарықтарды және дамушы елдерді көздейді.

Веб-сайт: <http://www.reeep.org/>

### 5. Ұлттық қорлар

Шығыс серіктестік пен Орталық Азия елдерінің көпшілігі тұрақты қолдайтын құрылымдар мен қорларды енді құрап жатыр. Тұрақты энергия әрекет жоспарлары (SEAP) — әлі жергілікті климат саясатын дамыту құралы ретінде кең мойындалмаған, осылайша, нақ осы тапсырма үшін анық және үздіксіз көп жылдық ұлттық бағдарламалар жоқ. Бірақ, қол жетімділік және қол жеткізу процедуралары жыл сайын өзгеріп отыруы мүмкін болғанымен, ұлттық энергияны сақтау бағдарламалары ішінде қол жетімді және тез дамып жатқан бар қолдау механизмдері SEAP дамуын қолдау үшін пайдалануға болатын құрамдастарды қамтуы мүмкін. Қазіргі уақытта ұлттық қорлардан қаржылық қолдауды сұрайтын қол қоюшыларға қорлары болуы мүмкін тісті ұлттық Құрылыс, Аймақтық даму, Энергия және қоршаған орта министрліктерінен, сонымен бірге, облыстық немесе аймақтық әкімшіліктерден және экологиялық қорлардан сұрау ұсынылады.



Осы құжаттың мазмұнына тек Шығыстағы мэрлердің уағдаластығы кеңсесі жауапты. Бұл міндетті түрде Еуропалық Одақтың пікірін білдірмейді. Еуропалық Комиссия мұнда қамтылған ақпаратты кез келген пайдалануға немесе мұқият дайындалғанымен, мәтіндерде қалған болуы мүмкін кез келген қателікке жауапты емес. Шығыстағы мэрлердің уағдаластығы кеңсесі Еуропалық Комиссияның DG DEVCO бөлімінің қаржылық қолдауымен құрылған. Оны Energy Cities (Қуат қалалары) ұйымы басқарады, оған «Климат альянсы», «Украинаның қуатты үнемдейтін қалалары» ассоциациясы, NL агенттігі мен Орталық Азия үшін аймақтық қоршаған орта орталығы қатысады.